

## **Зейнеткерлер мен мүгедектердің арасындағы жалғыз тұратын жұмыс істемейтін азаматтарды әлеуметтік қолдау жөніндегі қосымша шаралар туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1994 жылғы 18 қаңтардағы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2001.09.04. N 677 Жарлығымен. ~U010677

Негізгі тамақ өнімдерінің қымбаттауына байланысты аз қамтамасыз етілген зейнеткерлер мен мүгедектер арасындағы жалғыз тұратын жұмыс істемейтін азаматтарға бәсірелі әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында қаулы етемін:

1. Аз қамтамасыз етілген зейнеткерлер мен мүгедектердің арасындағы жалғыз тұратын жұмыс істемейтін азаматтардың 1994 жылғы 15 ақпаннан бастап төрт килограмм ет пен бес жүз грамм сары май сияқты тағамдардың жиынтығы түрінде заттай жәрдемі ай сайын тегін алып тұруы қамтамасыз етілсін.

2. Халықты әлеуметтік қорғау органдарының жанында жұмыс істейтін жалғыз тұратын жұмыс істемейтін азаматтарды анықтап, есепке алу жөніндегі комиссияларды қатыстыра отырып әкімдер:

- 1994 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша осындай жәрдем алушылардың ауқымын анықтасын. Азаматтардың осы аталған санатының тізімдік құрамына енгізілуге тиіс адамдарды іріктеген кезде міндетті түрде олардың шын мәнісінде жалғыз тұратынын дербес анықтау керек. Отбасыларында тұрып жатқан зейнеткерлер мен мүгедектердің тамақ күйінде жәрдем алу мақсатында жалғызділіктілердің қатарына әдейі жатқызылуына жол бермесін және мұндай жағдайлар орын алғанда, көпшілікке кеңінен жария етсін;

- жұмыс істеп тұрған сауда желісінің негізінде әкімдер бекіткен тізімдер бойынша осы аталған жәрдемнің берілуін ұйымдастырсын;

- сауда желісінде осындай тағамдардың жеткілікті мөлшерде болуына, тамақ өнімдерін тікелей аталған адамдардың алып тұруына немесе бұл өнімдердің тиісті әлеуметтік қызметтердің көмегімен жеткізіліп берілуіне бақылау жасалуын қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының сауда министрлігі 1994 жылғы 1 ақпанға дейін осы аталған азық-түлікті алып тұруға құқы беретін бөлінбелі түбіршектері бар дербес чек кітапшаларының бірыңғай үлгісін бекітіп, әкімдерге жіберетін болсын

3. Азық-түлікті тегін берудің құны және оларды алушыларға жеткізіп беруге кететін шығыстар жартылай жергілікті бюджеттер қаражатының есебінен және

жартылай меншік нысанына қарамастан кәсіпорындар мен ұйымдардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың қайырымдылық жарналарының есебінен өтелетін болып белгіленсін.

Бақылау жасалуын оңайлату үшін осы мақсатта бюджет пен қайырымдылық қаражатының келіп түсуі мен жұмсалуды бөлек есепке алу үшін екі қосалқы шоттары бар арнаулы шоттар ашылатын болып белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1994 жылға арналған мемлекеттік бюджетті нақтылаған кезде жергілікті бюджеттерге осы аталған шығыстарды жабу үшін қосымша қаржы бөлінуін көздейтін болсын.

4. Осы Жарлықтың орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Бас бақылау инспекциясына жүктелсін.

Қазақстан Республикасының  
Президенті  
Алматы. 1994 жылғы 18 қаңтар  
N 1509